

**Мақтаарал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 42-252-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 сәуірде № 3157 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 52-342-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 52-342-V шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және «Коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы № 1370 қаулысына сәйкес, Мақтаарал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Б е к і т і л с і н :

1) осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Мақтаарал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары;

2) осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Мақтаарал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы: *Е.Ералиев*

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы: *О.Дәндібаев*

Мақтаарал аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 31 наурыздағы  
№ 42-252-V шешіміне 1 қосымша

## Мақтаарал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу нормалары, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,95 1,061
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,0
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,0
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,3992
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,275
6	Емханалар	1 адам	0,275
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
8	Мектептер, орта оқу орындары, жоғарғы оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану орындары	1 тағам	0,0001
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автомат залдары	1 орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,2
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,2
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,2
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,23
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,974
16	Вокзалдар, атовокзалдар, ауежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,5
17	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,909
18	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,107
19	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,2
20	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,2
21	Кіржуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,06
22	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,06
23	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,23
24	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,0019

**Мақтаарал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері**

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1	Жайлы үйлер	1 адам	102
1.2	Жайлы емес үйлер	1 адам	115
1.3	Заңды тұлғалардан	1 текше метр	1654
2	Коммуналдық қалдықтарды көму және кәдеге жаратау тарифтері		
2.1	Жеке тұлғалар	1 текше метр	175
		1 тонна	875
2.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр	228
		1 тонна	1140